

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 252 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 маусымда № 18794 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 22 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышында:

"Жоғары білім беру – бакалавриатта даярлау бағыты" бөлімінде:

"6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" бөлімшесі:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

6B063 Ақпараттық қауіпсіздік	0612
------------------------------	------

";

"6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" бөлімшесінде:

"

6B081 Өсімдік шаруашылығы	0812
---------------------------	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6B081 Агрономия	0812
-----------------	------

";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

6B087 Агроинженерия	0710
---------------------	------

";

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім - магистратурада даярлау бағыттары" бөлімінде:

"7M01 Педагогикалық ғылымдар" бөлімшесінде:

"

7M013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	0113
7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	0114
7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	0114
7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	0114
7M017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	0114

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

7M013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау	0113
7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау	0114
7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	0114
7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау	0114
7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	0114

";

"7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика" бөлімшесінде орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

"7M06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" бөлімшесі:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

7M063 Ақпараттық қауіпсіздік	0612
------------------------------	------

";

"7M08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" бөлімшесінде:

"

7M053 Өсімдік шаруашылығы	0812
---------------------------	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7M053 Агрономия	0812
-----------------	------

";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

7M087 Агроинженерия	0710
---------------------	------

";

"Жоғары оқу орнынан кейінгі білім - докторантурада даярлау бағыттары" бөлімінде :

"8D01 Педагогикалық ғылымдар" бөлімшесінде:

"

8D013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	0113
8D014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	0114

8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	0114
8D016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	0114
8D017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	0114

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау	0113
8D014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау	0114
8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	0114
8D016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау	0114
8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	0114

";

"8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика" бөлімшесінде орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

"8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" бөлімшесі:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

8D063 Ақпараттық қауіпсіздік	0612
------------------------------	------

";

"8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" бөлімшесінде:

"

8D053 Өсімдік шаруашылығы	0812
---------------------------	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8D053 Агрономия	0812
-----------------	------

";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

8D087 Агроинженерия	0710
---------------------	------

"

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпараттық институты"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.